




**Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы  
Әдістеме-библиография бөлімі**

**«ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ АСУЫ»**

/ ғалым, профессор Әнуар Байжұманов 80 жаста /

**Жаднама**



**Арқалық - 2017**



## Ғылымның қия асуы

Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік дамуы жолында ғылымның алатын орны айрықша. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан ғалымдарының форумында (1.12.2011 ж.) сөйлеген сөзінде: «Елдігімізді дамытуға ғалымдар үлкен үлес қосуда. Олар ғылымды дамытып, жаңа мектептер қалыптастырды. Сондықтан тәуелсіздік жылдарындағы біздің басты жетістіктеріміздің бірі – ғылыми әлеуетімізді сақтап қалуымыз болды. Елімізден әлемге танымал ғалымдар көптеп шығуы үшін оларға барлық жағдайды жасау керек», - деп атап өткен болатын.

Еңбегімен елге танылған ғалым ағаларымыздың бірі Байжұманұлы Әнуар Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Шилі ауылында 14 желтоқсан 1937 жылы дүниеге келген.

1955 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Торғай қазақ орта мектебін бітіріп, осы жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түседі.

1960 жылы институтты үздік дипломмен бітіріп, арнайы жолдамамен Қазақ малшаруашылық ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында (1960-1963) жылы оқып, осы институтта 1968 жылға дейін аға ғылыми қызметкері болған.

1966 жылы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғаған. Ғалым-зоотехник, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты (1966), профессор, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген. Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыды. Еңбек жолын осы институтта аға ғылыми қызметкер болып бастаған. (1960-68). Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында Генетика және мал өсіру кафедрасының меңгерушісі (1968-92) болды. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ғылым және оқу орындары бас басқармасы бастығының орынбасары, Мал шаруашылығындағы технологиялық саясат және асыл тұқымды мал мемлекеттік инспекциясы бас басқармасының бастығы (1992-96) қызметтерін атқарды. Республикада қой шаруашылығын жаңа бағыты – кроссбред қойын өсірудің ғылыми негізін қалаған. «Дегерес қойы» деп аталған отандық жаңа қой тұқымы авторларының бірі болды. 80-нен астам ғылыми еңбегі жарық көрген. Селекциялық жаңалықтары бойынша бір авторлық куәлік пен төрт патенттің иегері. Соның ішінде қазақ тіліндегі «Мал өсіру», «Мал өсіру және селекция», «Шопанның оқу кітабы», «Қой тұқымын асылдандыру», «Қой төлдетуді ұйымдастыру», « Жылқы өсірушінің анықтамалығы», «Селекция сырлары» сияқты оқулықтар мен бірнеше сөздік, анықтамалықтары бар. Осы ғылым саласы бойынша бес ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидатын дайындаған.

Әнуар Байжұманов қазіргі уақытта Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің профессоры.


### Шығармалары:

1. Байжұманов Ә. Адам дамуы: оқу құралы / Ә.Байжұманов - Астана: ҚазЭҚХСУ: БПО, 2012. - 164 б.
2. Байжұманов Ә. Қой өсірушілердің қысқаша анықтамалығы: [көпшілік оқырман қауымға арналған] / рецензент: Ә. Байжұманов. - Алматы: Қайнар, 1983. - Б. 1.

### Ол туралы:

3. Байжұманов Әнуар [Мәтін] // Қазақстан ғалымдары: энцикл. 1-том. А – К / бас ред.: Б.Ө. Жақып-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. - Б. 363.
4. Байжұманов Әнуар [Мәтін] // Торғай елі: энцикл. / құраст.: Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы : Арыс, 2013. – Б. 99-100.

Рецензенттері Ә. Байжұманов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қ. Қасымов, биология ғылымдарының кандидаты






Энциклопедиялық анықтамалықтарда ғалым Ә. Байжұмановтың өмірінен деректер берілген.

### Адам дамуы

Бұл оқу құралы университеттік білім беру жүйесінде өтетін «Адам дамуы» пәнінің бағдарламасына сай адам дамуы тұжырымдамасы негізінде біріккен 14 тақырыптан тұратын біртұтас еңбек. Әрбір тақырып бойынша оны зерделеудің мақсаты, негізгі



анықтамалар мен түсініктер, әдістемелік нұсқаулар, әр студент жеке орындауға тиісті тапсырмалар және талдау-бақылау сұрақтары берілген.

Оқу-әдістемелік құралда студенттер өзіндік жұмыстарын ұтымды ұйымдастырып, адам дамуы көрсеткіштерін есептеу әдістемелерін меңгеру мен оларды елдегі адам әлеуеті жағдайын жақсарту үшін пайдалану қабілетін машықтандырып жетілдіру арқылы адам дамуы тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын тиянақты түсінуіне арналған.

«Адам дамуы» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкесті жазылған қолданыстағы оқулығын, оқу барысында және дәрістерде алған түсініктерін бекітуге, қоғамда қалыптасқан адам дамуына қатынасты әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді өз бетінше талдауға және сол арқылы тақырыпты терең, мұқият меңгеруге бағытталған отандық материалдар берілген.

Әр тақырыптың басында оны оқудың мақсаты, тақырыпқа байланысты негізгі түсініктер мен анықтамалар, үлгілік есеп шығару жолдары беріліп, тақырып соңында семинарда талдауға арналған сұрақтар және оқулыққа қосымша әдебиет ұсынылған.

## Мазмұны

1. Ғылымның қия асуы.....	3
2. Шығармалары.....	4
3. Ол туралы.....	5
4. Адам дамуы (оқу құралы).....	6

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:  
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
E – mail:arkounb@mail.ru***

***Құрастырушы: Г.К. Сейтқожина  
Компьютерлік терілім: Г. К. Сейтқожина  
Редактор: Ә.Қ. Ахметжанова  
Шығарылымға жауапты: К.Б. Борибаева  
Басуға қол қойылды 11.01.2017.  
Таралым 5  
Басылым: ксерокс  
Көлемі 1,2***